"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14 здание
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1438 27.03.18

«Юг Сервис Мастер»
ЖШС-нің директоры
Е. Алимбаевқа

(Кіріс:14.03.2018 ж. ЗТ-А-386)

Сіздің 2018 жылғы 14 наурыздағы н/з арызыңыз ОҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінде қаралды.

Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Шымкент қалалық балалар ауруханасы» МКК-да №2201829-1 «Лифттерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу», жұмыстарына сатып алу өткізілген ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегі мән-жайлар анықталды.

Камералдық бақылаудың барысында «Юг Сервис Мастер» ЖШС-нің арызындағы көрсетілген уәждері өз дәлелін таппады. Себебі, Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескертпесінің 2 тармағына сай *«Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті»* делінген. Ал, техникалық ерекшелікте мамандардың лифтілерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін электрик – IV разряды, элеваторлардың қызмет көрсету және жөндеу ұйымдастыруға жауапты адамға – III разрядының біліктілігін растаушы құжаттары және лифтинг механизмдерін пайдалануда өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін оқу және тестілеу білімдерін жоғарылатуы бойынша растаушы құжаттарының болуы туралы талап қойылған. Алайда, «Юг Сервис Мастер» ЖШС-нің №2201829-1 конкурстық өтініміндегі біліктілігі туралы мәліметтерінде көрсетілген мамандар – Алимбаев Ербол Турегельдыевич, Сырлыбаев Багдат Азимханович, Сырлыбаев Самат Әзімханұлының лифтілерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін электрик – IV разряд, элеваторлардың қызмет көрсету және жөндеу ұйымдастыруға жауапты адамға – III разрядының біліктілігін растаушы құжаттары және лифтинг механизмдерін пайдалануда өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін оқу және тестілеу білімдерін жоғарылату бойынша мамандарға

техникалық қызмет көрсетуді растайтын құжаттардың тіркелмегендігі анықталды.

Бұған қоса, Сырлыбаев Багдат Азимхановичтың «ЛИФТИНВЕСТ» ЖШС-нен 28.09.2016 жылы алған №66/16 (эл. механик по лифтам) арнайы біліктілік куәлігінің мерзімі қызметтерді көрсету мерзіміне жеткіліксіздігі анықталды.

Мұндай жағдайда, әлеуетті өнім беруші – «Юг Сервис Мастер» ЖШС-нің конкурстық өтінімі, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 150 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу бойынша конкурстан шеттетілуге негіз болып табылады.

Жоғарыда анықталғандардың негізінде, аталған конкурстың қорытындысын қайта қарауға негіз жоқ.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Басшының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын.О.Ажибеков
тел. 35-06-06 (ішкі: 117)